

2015 жылға арналған Қызылжар ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 266 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 шілдеде N 3298 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімі аппаратының 2016 жылғы 18 наурыздағы N 9.1.4-4/302 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімі аппаратының 18.03.2016 N 9.1.4-4/302 хаты).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1)- тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің орынбасары Р.Е. Рамазановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жұмабеков

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар
ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03
маусымдағы №266 қаулысымен бекітілген

2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Бір тәрбиеленушіге айына (теңге)	
	ұйымдары тәрбиеленушілерінің саны	кететін шығынның орташа құны	

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Орта білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Мектепке дейінгі ұйымдар (балалар бөбекжайы, бала бақшалар, бөбекжай-бақша, "мектеп-бала бақша" кешені)	Орта білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Мектепке дейінгі ұйымдар (балалар бөбекжайы, бала бақшалар, бөбекжай-бақша, "мектеп-бала бақша" кешені)	1	2	3	4	5	6
1 Қызылжар ауданы	810	350	13813	21734						

кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында айына жан басылық қаржыландыру мөлшері (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналар төлемінің айлық мөлшері (теңге)			
Орта білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Мектепке дейінгі ұйымдар (балалар бөбекжайы, бала бақшалар, бөбекжай-бақша, "мектеп-бала бақша" кешені)	Орта білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын-орталықтар		Мектепке дейінгі ұйымдар (балалар бөбекжайы, бала бақшалар, бөбекжай-бақша, "мектеп-бала бақша" кешені)	
		толық күнге болу	толық емес күнге болу	бөбекжай топтар	мектепке дейінгі топтар
7	8	9	10	11	12
13813	21734	9500	6000	7800	9500